

# АЛАТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№19 (133) 24 сәуір 2026 жыл

**ТРЕНИНГ**

## ДЕПУТАТТАРҒА АРНАЛДЫ

Қонаев қаласындағы «Alatau Hub» инновациялық орталығында облыстық мәслихат депутаттарына арналған ауқымды тәжірибелік тренинг ұйымдастырылды. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ғылымға қатысты Ұйымының Астанадағы бағдарламалар кеңесінің қолдауымен өткен тренингке ҚР ШБ Парламентаризм институты және Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорының сарапшылары қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.



Тренингтің ашылуында сөз сөйлеген ЕКБҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңесі басшысы Алексей Рогов бүгінде Қазақстанда жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін

дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын, соның негізінде мәслихаттардың ролін арттыруға айрықша көңіл бөлініп отырғанын жеткізді. Шара барысында сөз алған облыстық

мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев тренингке қатысушыларға сәттілік тілеп, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының әлеуетін арттыруда мұндай іс-шаралардың маңызы зор екенін тілге тиек етті. Ал Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталова тренинг халық қалаулыларының құзыреттерін дамытуға бағытталғанын айтты.

Екі күнге жоспарланған тренингтің басты ерекшелігі оның интерактивті форматта өтуінде болды. Қатысушыларға алдын ала дайындалған әдістемелік материалдар ұсынылып, негізгі уақыт практикалық тапсырмалар мен топтық жұмыстарға арналды. Тренинг барысында қатысушылар азаматтарды қабылдау, кері байланыс орнату, әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану сияқты дағдыларды меңгерді. Әсіресе, цифрлық құралдарды қолдану, жасанды интеллектті пайдалы көмекші ете білу мәселесіне ерекше көңіл бөлінді.

Тәжірибесі мол, елге танымал сарапшылардың қатысуы тренингтің мазмұнын байыта түсті. Олардың қатарында Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталова және ҚР ШБ жанындағы Парламентаризм институты директорының орынбасары Ләззат Сүлеймен сынды білікті мамандар болды.

Өз тілшіміз.

**АСЫЛ АНА: БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА**

### Абысын тату болса ас көп

15 сәуір күні Байкент ауылдық округінің Мәдениет үйінде «Ананьин ақ жаулығы-ағайынның бірлігі» тақырыбында келіндер сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған тағылымды шараны Байкент ауылдық округі «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мамбетова Орал Әбілқызы ұйытқы болып өткізді. Іс - шараның басты мақсаты ұлттық құндылықтарды дәріптеу, келін тәрбиесі арқылы отбасы бірлігін нығайту, қазақи салт-дәстүрлерді жас ұрпаққа насихаттау болды.

Сайысқа ауыл тұрғындары, жастар, жоғары сынып оқушылары мен ұстаздар қатысып, рухани кештің көрігін кыздырды. Төрт кезеңнен тұратын байқау қатысушылардың өзін-өзі таныстыруымен бастау алды. Әр келін өзінің өнерін, инабаттылығы мен тәрбиесін көрсете білді. Салт - дәстүр тақырыбындағы сұрақ-жауап кезеңінде қатысушылар қазақ халқының бай мұрасы мен тағылымды дәстүрлері жөнінде терең білімдерін танытып, ұлттық құндылықтардың маңызын айшықтады.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені №10 мектептің ұстазы Ләззат Қанапиянова иеленді. 1-ші орынды «Нұр Арай» балабақшасының тәрбиешісі Айжан Тұрықбаева алса, 2-ші орынды «Новинвест» ұжымынан қатысқан Ботақөз Ажибаева иеленсе, 3-ші орын №45 мектеп - гимназия ұстазы Насихат Мырқасымоваға бұйырды.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Әділқазылар алқасының құрамында Байкент ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Жаңыл Оғызбаева және Байкент ауыл әкімінің орынбасары Гүлжан Рамазанқызы болып, қатысушылардың өнері мен біліміне әділ бағаларын берді.

«Абысын тату болса, ас көп» дегендей, бұл сайыс ананың ақ жаулығын қадірлеу арқылы ағайын бірлігін арттырып, ұлттық тәрбие мен өнегені ұлықтаған тағылымды әрі тәрбиелік мәні зор шара болды.

**Бағдат БАЙПАҚОВА.**  
Іле ауданы.

**АУДАНЫҚ ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫ**

## ТАЛҒАРЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУДА

Талғар ауданы ардагерлер кеңесі ауданның қоғамдық-әлеуметтік өміріне белсене араласып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, патриоттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени-рухани іс-шараларға қолдау көрсету бағытында бірқатар жұмыстар атқарды. Өткен кезеңде ардагерлердің бастамасымен аудан көлемінде түрлі кездесулер, патриоттық сабақтар, спорттық жарыстар, мәдени іс-шаралар және әлеуметтік қолдау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы ауданымызда бүгінгі таңда зейнеткер саны 28160. Оның ішінде Ұлы Отан соғысынан елге оралып, қайтыс болған мүгедектердің әйелдері – 12, Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген мүгедектер саны – 89, Ұлы Отан соғысы қатысқандарға теңестірілген – 22 адам, тұл ардагерлері бүгінгі таңда – 526 адам, Ауған соғыс ардагерлері – 158 адам, Чернобыль атом электр станциясының апатына қатысқандар 42- адам, Тәжік-Ауған шекарасындағы бітімгершілік батальонында болғандар – 57 адам, Таулы Қарабақ бітімгершілік батальонында –10 адам, Иракта болған – 2 адам, Иранда болған – 1 адам, барлығы 943 ардагер жауынгерлер бар.

2025 жылы Талғар ауданы ардагерлер кеңесі 20-дан астам маңызды іс-шара өткізді, патриоттық тәрбие, мәдени-рухани даму бағытында ауқымды жұмыс атқарды. Ардагерлер кеңесінің белсенділігі жастардың тәрбиесіне, қоғамдағы рухани бірлікке және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосты.

Ардагерлер кеңесінің мүшелері «Асыл Ана», «Алатау жастары» аудандық аналар кеңесі, Аластар ресурстары, қоғамдық келісім, белсенді ұзақ өмір орталығы, Семей полигоны секілді бірлестіктермен бірлесіп жұмыс атқаруда. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады.

Атқарылған мерекелік іс-шаралардың барлығы Ұлы жеңістің 80 жылдығына және жұмысшы маман өкілдеріне арналды.

Орталық кеңестің болашаққа бағдар, рухани жаңғыру мақсатына сәйкес «Балалар аманаты (ұлттық кодымыз, салт дәстүр туралы) «Отбасы алтын ұя» (отбасы құндылықтары, ата-анаға құрмет), «Ағаның ақылы» (патриоттық тәрбие, туған жерге тағзым, тағы басқалар). «Дәнекер» жобасын кеңінен насихаттау жұмысын, міндеттерін айтқан жөн. Елімізде «Болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» жобасы бойынша «Ұлт болам десең бесіңді түзе», «Атадан өсиет, анадан қасиет», «Ел болашағы жастар» атты танымдық шаралар ауыл ақсақалдары мен әжелердің және жастардың қатысуымен өткізіледі.

Сондай-ақ Талғар ауданында ұлтаралық келісім аясында 54 басқа ұлт өкілдерінің арасында ардагерлер жұмыс атқаруда.

Ұрпақты салауаттылыққа бейімдеу барысында «Дін – тәрбие дінгегі», «Тарихынды таны-туғанды құрметте» тақырыбында та-

нымдық шаралар мектептер мен колледждерде жоспарлы түрде өтуде.

«Ақылды қария – ағып тұрған дария» деп, ежелден қарттарын құрметтеген, бабалар дәстүрін бойларына мол сіңірген, көкейлеріне түйгені бар ардагерлер- біздің баға жетпес қазынамыз. Аудан мектептерінде «Ата-бабалар дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты сыныптан тыс тәрбие сағаттары өтуде.

Бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл ана» және аналар кеңесі қоғамдық бірлестіктері, жастар ресурстары, қоғамдық келісім ұйымдары, белсенді ұзақ өмір бірлестігі, ауыл ақсақалдары, тұрғылықты жердегі ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерге, атап айтқанда, жол, жарық, көгалдандыру, ауыз су мәселелері мен халық арасындағы жиі кездесетін даудамайға дейін араласып, ауыл әкімдеріне дәнекерлік қызмет атқаруда.

«Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты үлкен іс-шара Ұйғыр ауданында өтті. Ол іс-шараға барлық аудандар және екі қала өкілдері секілді біз де қатыстық.

Жыл бойындағы жұмыстардың барлығы зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігін арттыруға, жастарымызға, ата-бабаларымыздың патриоттық, еңбектегі озық тәжірибелерін насихаттауға бағытталды. Қоғамдағы тұрақтылықты нығайту, жастарды тәрбиелеу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, азаматтық белсенділікті арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Ардагерлердің бастамасымен аудан көлемінде түрлі кездесулер, спорттық жарыстар, мәдени және әлеуметтік қолдау, жұмыстары бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баса көңіл бөлінді. Сонымен бірге аудан көлеміндегі ардагерлер ұйымдары патриоттық тәрбие, қоғамдық келісім, ұлттық бірлікті, нығайту ісіне, айрықша ағсаалысып келеді.

Аудандық әкімдіктегі ішкі саясат бөлімінің жетекшілігімен 15 ақпан Интернационалист жауынгерлерді еске алу күніне орай Жеңіс саябағында Ауған соғыс ардагерлері гүл шоқтары қойып митинг өткізді. Әкімшілік залында оларға сый-сияпат тапсырылды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Ер есімі-ел есінде» танымдық-тақырыптық шара, әр ауылдық округтерде, қалада арнайы іс-шара жүзеге асырылды.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының басшылығымен Ұлы Отан соғысына қаты-



сушылардың есімдерімен байланысты жерлерге аудандық және қалалық ардагерлер ұйымдарының, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің, «Алатау жастары» жастар ұйымдарының төрағалары арнайы шақырылып, Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркіне саяхат ұйымдастырылды. Ардагерлер «Мәңгілік алау» мен «Даңқ мемориалына» гүл шоқтарын қойды. Сонымен қатар, әскери техникалық мұражай көрмесін тамашаладық.

Жеңіс күні – аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігі, жастарды ерлік пен, патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі. Іле ауданының Байкент ауылындағы мәдениет үйінде «Отты жылдар жырлары» атты хор байқауы болып өтті. Мұнда хорымыз 3-ші орын, жеке дауыста жерлесіміз Парманов бас жүлдеге ие болды.

Аудан әкімінің көмегімен Талғар ауданы ардагерлері Кеген ауданы Қарқара жайлауындағы қымыз фестиваліне қатысуымызға мүмкіндік туды. Ол жерде баға беруден жерлесіміз Қыпшақов Ауған бас жүлдені иеленіп, 50-мың сыйлық алды.

Облыстық «Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырысына сәйкес, 2024 жылы 21-ші тамыз күні Талғар қаласының мәдениет үйінде облыстық ардагерлер ұйымы «Көркемөнерпаздар фестивалін» ұйымдастырды. Бұл шараның ашылу салтанатын ауданымыздың әкімі Таңат Айдарбеков ашты. Мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Бөгенбаева Фаридә келген қонақтар мен жарысқа қатысушыларға мәдениет үйі тарапынан барлық жағдайын жасап берді. Жеке дауыста ән салған Мырзабек Парманов гран при сыйлығын алса, мәнерлеп оқу бойынша Камнұр Тәлімұлы ІІ-ші орынды иеленді.

2025 жылы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ардагерлер арасында шахмат, дойбыдан

облыстық жарыс тамыз айында Талғар қаласы мәдениет үйінде өтті. Оған облыстың қалалары мен аудандарының ардагерлері қатысты. Командалы есепте Талғар ауданы 1-ші орын, ал Ахат Солтанқұлов бас жүлдені иеленді. Дойбыдан 4-ші орын алды. Барлық марапаттауды Талғар ауданының әкімі Таңат Есенгелдіұлы жүргізді.

6-шы қыркүйекте әжелер арасында қазақтың ұмытылып бара жатқан салт дәстүрлерді жаңғырту аясында өткен облыстық байқауға Бесқайнар ауылдық округінің әжелері қатысты. Байқау үш кезеңнен өтті. Қатысқан әжелеріміз екінші орынға ие болды. Ақшалай, заттай сыйлық берілді.

Республика күніне арналған мереке әкімшілік ғимаратының алаңында өтті. Тоғыз-бекқызы шахмат, дойбы ойындары секілді спорттық жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды.

Құрес түрлерінен қазан айында кеңестер одағының спорт шебері Алиманов Есенжолдың турнирі Алматы спорт мектебінде өтті. Жарыста Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан спортшылары да бақ сынасты. Командалық есепте І-ші орынды Алматы облысы алды. Жарысты тамашалауға спорт ардагерлері, жастар ұйымы, оқушылар қатысты.

Қазан айында Алатау ауылдық округі, Рысқұл ауылы Ақбұлақ ипподромында көкпардан жастар арасында өткен көкпардан республикалық жарыс өз мәресіне жетті. Командалық есепте Жамбыл облысы көкпаршылары жеңіске жетті, екінші орынды Алматы облысы команда-сы, ал үшінші орын Түркістан облысы алды.

«Ел ардагерлерінің, жастар тәрбиесі-азаматтың мәңгілік тақырыбы» аясында 2025 жылдың басынан бастап осы уақытқа дейін нашақорлық, лудомания, наркомания, діни фанатизм бойынша, нашақорлыққа жол жоқ граффити жазулары өшіру, зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде көптеген іс-шаралар өтті.

Іле ауданының Өтеген батыр кентінде өткен жылдың қорытынды жиынына Алматы облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев қатысып, ардагерлер ұйымына өз атынан сый-сияпат пен алғыс хаттарын берді. Алматы облысының құрметті ардагері төсбелгісімен Даша Ұлтанбекқызы марапатталды. Орталық кеңесін алғыс хатымен Көлбаев Бексұлтан, Азат Жұмахановна, Ташкеев Жақсылық, Бекбосынов Матан марапатталды.

2025 жылы қазан айынан бастап, 2026 жылға «Алатау ардагері» газетіне жазылуда аудан әкімінің көмегімен 1678 дана газетке жазылдық. Облыс бойынша Талғар ауданы 1-ші орын алды. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысымыз өз жалғасын таба беретін болады.

**Матан БЕКБОСЫНОВ,**  
Талғар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

● ЗАМАННЫҢ СЫРАСЫ

# ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР ЖОЛ

Адам өмірінің мәні-артында қалдырған ізімен өлшенеді десе, тоқсанның төріне шыққан ақсақалдың өнегелі өмірі-кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық асыл мұра. Біз бүгін әңгімемізге арқау еткелі отырған адамымыз Бақтыкерей Жетпісбайұлы өткен ғасырдың отыз алтыншы жылы Қоңырөлең деген жерде жарық дүние есігін ашыпты. Әкесі Жетпісбай қария соғыс алапатына дейін мал шаруашылығында еңбек етіп, ел басына күн туғанда өзгелер секілді қолына қару алып, майдан шебінде болған көрінеді. Маңдайына жазылғаны сол болды ма, майдан даласында қаза тапқан екен. Бала Бақтыкерей әкеден алты жасында қалып, шешесінің қолына қарап қалса керек.

Әкенің орны ойсырап, тағдыр жолы ерте есейткен Бақтыкерей атамыз 1956 жылы орта мектепті бітірген соң анасының бір жағына шығысу мақсатымен оқуды қойып, еңбекке ерте араласады. Сөйтіп жүріп бір басы екеу болып, дүниеге келген үш ұлдың әкесі атанғаны да бар. Әкеден жалғыздықты көрген оған Алланың қамқорлығы молынан болғаны болуы керек, бұл күндері тоқсанның тұғырына көтеріліп, немере мен шөбере, шөпшек көріп отырған жайы бар.

Жүріп өткен еңбек жолы да тарау-тарау. Бүгінгі күн биігіне өткенге қарап отырса таза еңбек етуге ал-

пыс жыл ғұмыры кетсе керек. Алпыс жыл табан аудармай еңбек етіп, ел игілігі жолында тер төккен бұл жанның ғұмыр жолы-табандылық пен адалдықтың, парасат пен пайымның жарқын көрінісі.

Жоғарыда айтқанымыздай, әке-шешесінің жалғыз перзенті болып дүниеге келген ол жастайынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өсті. Өмірдің түрлі сынақтары оны шындап, қайратты да қажырлы азамат етіп қалыптастырды.

Білімге деген құштарлығының арқасында сауда саласы бойынша жоғары білім алып, сол сала-

ның білікті маманы атанды. Бұл - оның болашақтағы биік белестерге бастар алғашқы қадамы еді.

Ұзақ жылдар бойы Панфилов, Гвардия, Кербұлақ аудандарындағы сауда саласында басшылық қызметтер атқарып, ұжым басқаруда үлкен тәжірибе жинақтады. Әрдайым әділдікті ту етіп, қарамағындағы қызметкерлерге қамқорлық таныта білді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі талай істің алға басуына себеп болды. Ел дамуына қосқан еңбегі еленіп, ел арасында жақсы атқа ие болуы-оның еңбегіне берілген зор баға.

Еңбек жолында түрлі марапаттарға ие болып, абырой биігінен көрінген ол тек кәсіби салада ғана емес, басқа жұмыстарда да белсенділік танытты. Партия саласында еңбек етіп, Кербұлақ ауданында «Ауыл» партиясын құрып, елдің саяси-әлеуметтік өміріне өз үлесін қосты. Сонымен қатар Кербұлақ ауданындағы кәсіподақ жұмыстарында да белсенді болып, қарапайым еңбек адамдарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға атсалысты.

1997 жылы құрметті зейнет жасына жеткен соң да қол қусырып



қарап отырмай, қоғам өмірінен шет қалмады. Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек ауылында ақсақалдар ұйымының төрағасы болып, ел бірлігін нығайтуға, жастарға бағыт-бағдар беруге күш салды. Сексен жасқа дейін еңбек етіп, өмірге деген құштарлығы мен белсенділігін дәлелдеді.

Оның көп жылғы еңбегіне берілген әділ баға болса керек, 2023 жылы желтоқсан айында «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» атағымен марапатталды. Одан бөлек Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне

20 жыл, 25 жыл, 30 жыл мерекелік медальдарымен, «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды, Алған Алғыс хаттары бір төбе.

Бұл күндері Іргелі ауылында ақсақалдар алқасының төрағасы ретінде ел ішінде сыйлы, сөзі өтімді, ақыл-парасаты мол қарияға айналған. Оның әрбір айтқан өнегелі сөзі жас буын үшін тәрбие мектебі іспетті.

Осындай ғұмыр кешкен ақсақалдың өмір жолы-адал еңбек пен табандылықтың, елге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Оның өнегелі өмірі бізге бір ғана ақиқатты ұқтырады. Адам баласы қай жаста болса да қоғамға пайдалы болып, ел игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Осы орайда бүгін әңгімеміздің өзегіне айналған Бақтыкерей Жетпісбайұлы ақсақалдың жүріп өткен еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық. Ғасырдың құрдасы, заманның сырласына айналған, екі қоғамдық формацияны бастан өткізген аға ұрпақ өкіліне әлі де болса ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілегің келеді.

СИҚЫМБЕКТИҢ  
Алтынбайы.

● НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

## Әлия әрлендіріп, сәндендіріп жіберді



Көгілдір көктеммен бір келетін Ұлыстың ұлы күні – жыл басы – жаңа жылды мұсылман баласы жыл сайын құшақ жая қарсы алып жүр. Мызғымас берік дәстүрге айналған бұл мерекені ұлттық құндылықтарымыздың қайнар көзі деп қабылдауымыздың өзінде оған деген үлкен құрмет пен ілтипатты ізет жатыр. Сондықтан да болар, айтулы бұл мерекені ардақтап өткізуді әркім өзінің асыл парызы санайды.

Қалыптасқан дәстүр бойыншы 14 наурыздан көрісу амалымен басталған төл мерекемізге деген халықтың мейірім шуағы ерекше болды. Мұнда Қаскелең қалалық «Асыл ана» ұйымының төрайымы Әлия Бабасаның ерекше еңбегі бар екенін атап айтқан жөн. Ол осы мерейлі күн басталған күннен бастап игілікті іс-шараға айналғанындағы адамдарды жұмылдырып, ұйымшылдықтың ұйытқысы бола білді.

Ұлттық өнерімізге өте жақын, ата-бабадан бері келе жатқан салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың, салт-санамыздың жөн-жосығын жақсы білетін Әлия Қуанышқызы оны ойдағыдай дәріптеуді де ешқашан назарынан шығармайды. Өсіресе, осындай Наурыз мерекесінде жарқыратып көрсетуге барын салады. Ол ұтымды ұйымдастырған ансамбль мен өнерпаздарды жасақтап алып, мерекенің алғашқы күнін Қаскелең қаласындағы жайлы мектептен бастауды жөн көріп, ұлттық киімдерін киінген ұстаздар мен оқушылардың ортасынан табылды.

Көрісуге байланысты рәсімдердің бәрін жасап, артынан әуелеген ән мен күмбірлеген күйге ерік берді. Жиналғандар ішінен мерекенің мәні мен маңызы жайлы түсініктеме беріп, сөз сөйлегендер де болды. Мектеп кітапханасының меңгерушісі Гүлнұр Тасқынбаева мен кітапханашы Салтанат Есбатырова, жайлы мектеп директоры Гүлжан Ахметова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлдерайым Жолдасбековалар мереке барысы жөнінде нағымды әңгімелерін айтып, жұртшылықты ұйытып алды.

Жұртшылықтың назарын бірден баурап алған іс-шара осымен ғана шектеліп

қалған жоқ. Сол күні ақ жаулықты әжелер жағы баланы бесікке бөлеудің, тұсауын кесудің, қызға қырық үйден тиым жасаудың, әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты жақсартудың, қыздармен киіз басудың, жүн түтудің, ұршық иірудің, құрақ көрпе жасаудың, шаш өрудің қырлары мен сырларын түсіндіріп, тәжірибе жүзінде молынан өздерінің іскерліктерін үйретті. Оны сөз жүзінде емес, шынайылықпен іс жүзіне асырды.

Осы орайда ұрпақ бойына ұлағатты тәрбиесін беріп жүрген әжелердің еңбегі ересен екенін есте ұстаған жөн. Атап айтқанда, жас нәрестені бесікке бөлеудегі Ізтілеуова Бибіәсия, Кішкенбаева Света, құрақ көрпе жасау мен жүн түтудегі Ағашева Рыскен, Тұрмашева Рабиға, Табылғанова Сәрсенбіке, Қалымбетова Қасия, өнерпаздар Оспанов Асылжан, Аремжанова Ғалия, Сәбитова Жаңылқан, Ізтілеуова Бибіайша, шаш өру мен шашбау тағудан Ағашева Рыскен, тағы басқа әжелер қолдарынан келіп тұрған бар өнерлерін аяп қалған жоқ. Мұның барлығынан бесаспап шебер Әлия Қуанышқызы да шет қалмады. Қомақты үлесін қосты. Наурыз нақыштарын барынша әрлендіріп, сәндендіріп көркемдеп, көз тартарлық іс-қимылымен, іскерлігімен, ұқыптылық құнттылығымен көзге түскен, ұтымды ұйымдастырушы Әлия Бабаеваға деген халықтың ризашылығы шексіз болды. Наурыз мейрамында ол үлкен шығармашылық ізденісімен көпшілікті баурап алды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
Қаскелең қалалық ардагерлер  
ұйымының төрағасы.  
Қарасай ауданы.

Қасиетті де қастерлі жыл басы болып табылатын – Әз – Наурыз мерекесін халық қашан да сартап болған сағынышымен асыға күтетінін жыл сайын көріп жүрміз. Күні кеше ғана ұмытылмайтын жалпы халықтық дәстүр бойынша кеңінен аталып өткен бұл мереке ауылдарда, қоғамдық орындарда, еңбек ұжымдарында әлі де жалғасын тауып келеді. Мұның өзі де-үлкен қуаныш.

## Балабақшадағы базарлы да, ажарлы күн

Өткен аптада Іргелі ауылдық округіне қарасты тоғыз жолдың торабындағы «Асыл арман» ықшам ауылындағы «Асылайым» балалар бақшасында салтанатты жағдайда наурыз мерекесі аталып өтті. Айтулы бұл мерекеге атаулы балабақша ұжымы мен ата-аналар жағы ұтымды ұйымшылдықпен және жұдырықтай жұмылған бір кісідей бірліктерімен ерекше дайындықтарын жасапты.

Атап айтқанда, балабақшаның кіре берісінен бастап жанарды жаулап алатындай әсем безендіріліпті. Мерекеге байланысты тігілген киіз үйлердің де көріктілігімен

ұжымы мен ата-аналар бірлесіп, 200 келедей салмақ тартатын Алматының апортындай «бауырсақ жаймасын» пісіріпті. Осы тіл үйірер бауырсақты жемеген адам жоқ шығар. Сол сияқты көпшілікке берілген наурыз көженің дәмі де таңлайға татырлық таптырмас дәм екенін екінің бірі риза көңілмен айтып жатты. Бұл ақ ниетті адамдардың ағынан ақтарылып берген бағасы еді.

Сол күні Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының «Дархан-Дария» ансамблі тамаша өнерлерін көпшілікке тарту етті. Олардың арасынан Қалиахмет Көшкімбаев, Болатбек Абдәзимов, Тәжмұрат Салыбайұлы, Қален



көзді арбап алатындығы анық көрініп тұрды. Олардың іші ата-бабамыздан бері келе жатқан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана тұрғысынан өзгеше өрнектерін тауыпты. Ең аяғы ұсақ-түйек саналатын нәрселердің өзі наурыз талаптарына сай жасакталған.

Осынау іс-шараға арнайы шақырылған қонақтармен қатар ауыл тұрғындарына дейін қалмай қатынасып, базарлы да ажарлы күнді аса қуанышты жағдайда өткізді деуге толық негіз бар. Олай дейтініміз, балауса балғындарға ұлттымыздың тарапынан көрсетілетін бесікке бөлеу, тұсауын кесу, асық ату, жыр мен терме айту, ұлттық киімдерді кигізу, тағы да басқа көптеген көріністерді көрсету адам жанын баурап аларлықтай болды. Балабақша тәрбиесіндегі бүлдіршіндердің өте тәрбиелі екендігі олардың жаңадан бүршік атып тұрған өнерлерінен де айқындығымен анық көрінді.

Айтулы күндегі мына бір жайды айырықша атап өткен жөн сияқты. Балабақшы

Мұсабаев, Болат Әбішев, Раиса Сығаева, Әсел Дүйсебаева, Салтанат Әбдиева, Гүлнар Байсалбаевалардың сан қырлы өнерлеріне көрермен қауым қошеметпен қол соғып, лайықты құрметтерін көрсетті. Олардың орындаған хорлары да көпшілікке ән салдырып жіберді. Сондай-ақ, балабақша бүлдіршіндерінің «тәтті» өнерлері де тамсандырып тастады.

Осындай ұлттық мерекемізді асқан ұтымдылықпен ұйымдастырған балабақша құрылтайшысы Индира Үсенбекованың, балабақша меңгерушілері Перизат Байымбетова, Әйгерім Исенбаевалардың және көптеген ата-аналардың ерекше ересен еңбектеріне жиналған ел-жұрт ақ ниетті алғыстарын айтып, асқан көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Аудан көлемінде мұндай наурыз рәсімдері әлі де жалғасын тауып жатыр.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
журналист.  
Іргелі ауылы.  
Қарасай ауданы.

● ӨНЕРІ-ӨМІРІ

# МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНЫ

Ле ауданы Ақсай округінде көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Зәуре Жарылқасенова 1960 жылы Нарынқол ауданы Қарасай ауылында дүниеге келген.

Зәуре мектеп қабырғасында жүргеннен бастап ән айтуға құмар болған екен. 1978 жылы он жылдықты бітіріп, Нарынқол ауданының Қайнар ауылында халық театрында 1983 жылға дейін жұмыс істеді. Зәуре 1988 жылы Қаскелең қаласындағы мәдени-ағарту училищесін бітіріп, Ұйғыр ауданының мәдениет үйіндегі «Жазерке» ансамблінде ән айтып, Оразбек Бодықовтың «Өзіме де сол керек», «Күлайна», «Қанжар мен домбыра» спектакльдерінде бірнеше рольдерді сомдады.

Қазақстанның халық композиторлары мен халық әндерін шебер орындаушы. Өмірлік жолдасы Намазбай Жарылқасенов та өнерден құралақан емес. Сырнайшы әрі әнші. Қазіргі таңда Зәуре екеуі үш қыз өсіріп, құтты орындарына қондырып, немере сүйіп отырған бақытты әже-ата, үлгілі отбасыларының бірі.

Қыздары Мөлдір, Әйгерім, Дина-әр маман иелері. Өнер жолын қуған қос әнші 1994 жылы Күрті ауданы «Бозой» совхозының мәдениет үйінде бірнеше жыл жұмыс істеді. Кейін заман өзгеріп, шаруашылықтың тарауына байланысты Ақсай ауылына көшіп, қазір өнерлерін осы жерде жалғастыруда.

Ақсай ауылындағы «Арман» жасөспірімдер клубында 2007 жылға дейін істеді. Одан кейін мәдениет үйінде әдіскер қызметін атқарды. «Өнерлі аталар мен әжелер» ансамблінің құрылуына алғашқы мұрындық болғанын бірі. «Кәусар» вокал үйірмесі мен «Драма» үйірмесінің жетекшісі болып келді. Қазіргі таңда зейнеткер, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Сахнаның төріндегі алтын әжелердің



жетекшісі. - Өмірдегі бақытым да, қуанышым да-осы бір өнер.- дейді өзі бізбен әңгімесінде.

Зәуре 2015 жылы «Наурыз», «Бейбітшілік әлемі», «Халықаралық қазақ творчестволық» бірлестігінің конкурсында «Мәдениет майталманы» медалымен марапатталған. Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Ана жүрегі» медалінің иегері. Күміс көмей әнші Зәуре-Ақсай ауылдық округіндегі әжелер ансамблінің тұрақты әншісі. Зәуренің еңбегі-кейінгі толқын жас мамандарға үлгі.

Өнегелі өмір жолы замандастарына мақтанш, ұрпаққа үлгі боларына, әлі де талай жетістіктерге жетуіне сенеміз.

**Бәкір НҮРСЕЙІТҰЛЫ,**  
Алматы облысының құрметті ардагері.

● ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Өнер - адамның рухани азығы, халықтың бүгінгі мен келешегі. Ал өнер адамына қошемет-құрмет көрсетілсе олар халықтың қолпаштауы арқылы еңбегінің бағаланғанын сезініп, шығармашылық тынысы кеңіп, онан әрмен шабыттана түседі һәм өнер әлемінде кең қанат жайып, биіктеп ұшуларына талпындырады.

Ел игілігі жолында қызмет атқарып, сан түрлі өнерді бойына сіңірген талант иесіне құрмет көрсету мақсатында осы аптаның бейсенбісі күні Балқаш ауданының Миялы ауылдық мәдениет үйінде «Мәдениет пен еңбек тұлғасы» тақырыбында ақын, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, «Еңбек Данқы» орденінің иегері, «Халықаралық Дінмұхамед Қонаев» қорының Вице-президенті, Алматы облысы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы, Әлем Халық Жазушылар одағының «Құрмет иесі», «Өркениет әлемі» қоғамдық бірлестігінің Вице-президенті, «Желтоқсан» және Қазақстан ішкі істер органының ардагері Дәулетбек Жанботаевтың шығармашылық кеші болып өтті.

Мәдени шара басталған сәтте аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев сахна төріне көтеріліп, Дәулетбек Құрманәліұлына жүрекжарды тілегін білдіріп, ақ батасын берді. Мұнан соң аудандық мәслихат төрағасы Кәдірбек Омаров құттықтау тілегін білдіріп, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзат Сәлімжановамен бірге аудан әкімінің Құрмет грамотасын табыс етті.

# Талант иесіне құрмет көрсетілгі

Келесі болып сөз кезегін алған Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Мәдени шаралар, мониторинг және жоспарлау бөлімінің басшысы Төлеужан Нүсіпжанұлы басқарма басшысының Алғыс хатын табыстады.

Дәулетбек Жанботаевтың шығармашылық кешіне арнайы келген құрметті қонақтар Алматы облысының, Балқаш, Кербұлақ, Көксу аудандарының «Құрметті азаматы». «Құрмет» орденінің иегері, ауыл шаруашылығы саласының үздігі Тынышбай Досымбекұлы, ауданның құрметті азаматтары Балапан Әділханова, Зарыққан Есілбаев, Ізтілеу Тойшыбаев, «Қазақ тілі», «Жаһандық құзыреттер» оқу-әдістемелік кешендерінің авторы Айсұлу Асылханқызы, «Халықаралық Д.Қонаев» қорының Вице-президенті Мансұр Ермекбайұлы, аталмыш бас директорының орынбасары Гүлжан Лесбекқызы, ақын, Қазақ мәдениет қайраткері, Дүние таланттар одағының мүшесі Марат Ермаұлы сөз кезегін алып, ақ тілектерін білдірді.

Сан салалы өнер адамына құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылған мәдени шараға алыстан ат терлетіп, келген құрметті қонақтар сөз кезегін алып, өнер адамының бойындағы жақсы қасиеттерін айтып, талант иесінің халық жүрегінен орын алған туындаларының мән-мағынасы жайында кеңінен әңгіме өрбітіп, бірі иығына шапан жапса, енді бірі сый - сияпа-

тын табыстап, арнау жырларын оқып, «Өнер рухы» төсбелгісі және Алғыс хаттармен марапаттап, лайықты құрметтерін көрсетті.

Іс-шара барысында Дәулетбек Жанботаевтың Дінмұхамед Қонаевқа арналған «Алатаудай асқарлы», туып - өскен ауылына арналған «Миялы - мақтан мекенім», «Кемел аға» «Біртуар ұл - Бердібегім», тағы басқа бір қатар әндері орындалып, «Жайнай бер Балқаш ауданы» әнінің тұсауы кесіліп, жаңа ән мәдени кештің көрігін онан әрмен қыздыра түсті.

Сахна төріне шығып, ақ тілектерін білдіріп, құрмет көрсеткен қонақтарға кеш иесі Дәулетбек аға да өзінің сый-сияпатын жасап, шапан жауып, бірқатар азаматтарға «Халықаралық Дінмұхамед Қонаев» қорының медальдарын мен «Құрмет белгісі» төсбелгілерін табыстады.

Дана халқымызда «Ер жігітке жеті өнер де азық қылады» деген қанатты сөз бар. Бұл тәмсіл Дәулетбек аға сынды жан - жақты өнерлі адамдарына бағытталайып айтылған тәрізді. Өйткені Дәулетбек ағаның бойынан ақындық, сазгерлік, әншілік, актерлық, адамгершілік, парасаттылық қасиеттердің бәрі табылады. Өнер шыңына шығып, сол биіктікті бағындыра білген ағамыздың шабыты шарықтап, ән әлемінде биік самғап, әлі талай жаңа туындылары жарық көре берсін деген тілектеміз.

**Бактығали ДӘУІТБАЙ.**  
Балқаш ауданы.

● АКТИВНОЕ ДОЛГОЛЕТИЕ

# СТАРОСТЬ В РАДОСТЬ!

Так могут сказать тысячи пенсионеров Алматинской области

На днях в селе Мерей Умтылского сельского округа Карасайского района в рамках государственной программы «Активное долголетие» прошло интересное мероприятие. Его можно назвать по-разному: творческий отчет, итоговая конференция и т.д. Официально же это прозвучало так: Карасайский филиал «Центра активного долголетия». Нам 1 год!

Обратимся к цифрам. В Алматинской области важный социальный проект начал реализовываться с 2023 года - с открытия главного центра в Есике и далее филиалов по всей области. Сегодня они функционируют в городах Қонаеве, Алатау, а также в Енбекшиказахском, Илийском, Карасайском, Кегенском, Райымбекском, Талғарском, Ұйғурском, Балхашском и Жамбылском районах. Перечень оказываемых в них услуг в основном одинаков. Это танцы, вокал, скандинавская ходьба, укрепление памяти, декоративно-прикладное искусство, цигун, аэробика, йога, казахский язык, шахматы, тоғуз кумалак, гарденотерапия, IT-технологии и т.д.

Также надо отметить, что Областной центр активного долголетия подписал меморандумы о взаимодействии с государственными учреждениями такими как: историко-культурный музей-заповедник «Есік», природный парк «Көлсай көлдері», природный парк «Медеу», Центральный музей РК и т.д. Иными словами, каждый участник центра активного долголетия может посещать знаковые природные места Алматинской агломерации, в пригородных и отдаленных районах и культурные объекты южной столицы.

Конечно же, чтобы увидеть реальные результаты работы недавно открытых филиалов, надо посмотреть их на местах. В данном случае это Карасайский район, и мы

сегодня с удовольствием поделимся увиденным.

Перед тем как началось мероприятие, в фойе Дома культуры была организована выставка изделий, поделок, панно и одежды, изготовленных руками мастериц Карасайского района. Обращают на себя внимание оригинальные картины из войлока, шерсти, бисера, мозаики, а также выполненные в технике традиционной акварели. Свои работы показала мне Светлана Ратеева. Много лет она была преподавателем черчения и изобразительного искусства в средней школе имени Макаренко. Общий педагогический стаж - 31 год. Уйдя на пенсию, она была приглашена в Дом культуры села Мерей, где работает с детьми в так называемой технике «ассамбляж».

Следующая наша знакомая - Назира Сулейменова. Она родом из



Восточного Казахстана, но к пенсии вместе с супругом переехала в 2016 году в село Елтай под Алматы, вслед за обустроившимися там детьми. Первая её специальность - учитель немецкого языка, вторая - технология труда и предпринимательства. Любимым хобби - дизайном и шитьем одежды - она активно занимается последние годы, участвуя в ярмарках мастеров, где занимает призовые места. С осени прошлого года посещает ЦАД села Мерей. Кроме того, Назира - играющий тренер по шахматам, увлекается танцами, йогой, любит книги. Такой разносторонний че-

ловек. К слову, её муж Кумартай - гитарист, вокалист, участник художественной самодеятельности. Ввиду ограниченного объёма данной публикации о С. Ратеевой и Н. Сулейменовой мы напишем позже и подробнее.

Тем временем в актовом зале началась мероприятие. Его посетили (и выступили с трибуны): руководитель управления координации занятости и социальных программ Алматинской области Асыл Ваисов, председатель совета ветеранов Карасайского района Сағат Масимақынов, председатель совета ветеранов Шелекского сельского округа Адильбек Айтақынов, председатель Совета матерей при Ассамблее народа Казахстана Гүльнара Жошибаева, руководитель областного Центра долголетия Жания Сакташева. Резюмировать сказанное всеми выступающими можно так: «Отрадно, что государство поддерживает и стимулирует активную жизнь пожилых людей, побуждая их к общению в коллективе и самореализации». Жания Сакташева также наградила группу специалистов ЦАД и участников мероприятия благодарственными письмами.



Далее последовали различные музыкальные и танцевальные номера, сопровождаемые видеослайдами на экране. Кстати, последние были подготовлены специалистами центра с помощью ИИ (искусственного интеллекта). Показали своё мастерство работники ЦАД и участницы групп занятий по йоге, укреплению памяти, скандинавской ходьбе, IT-технологиям. Также сорвали аплодисменты исполнители рок- и поп-музыки, любители казахской и русской поэзии, хорового пения и т.д. Иногда загорная энергия самодеятельных артистов перекидывалась со сцены в зал и тут уже, как говорится, в пляс пукались все! (см. снимок снизу)

Как поделилась с газетой «Алатау ардагері» руководитель Центра активного долголетия Карасайского района Анса Токтарбекқызы, учреждение оказывает 11 видов услуг посетителям. Это группы занятий вокалом, йогой, скандинавской ходьбой, танцами, шахматами, тоғузкумалаком, трудотерапией и т.д.

- Очень важно, что все наши обращения поддерживает руководство района в лице Естенова Жасулана Токкожаулы, - продолжила Анса. - Например, благодаря его содействию в нашем учреждении появился отдельный зал здоровья, где установлены новые тренажеры, беговые дорожки, кресла-массажеры, теннисный стол, приобретена современная компьютерная техника. Всё это способствует популяризации центра. Количество людей за один год у нас выросло вдвое и превысило 130 человек. Задача на ближайшие годы - вовлечь больше людей пенсионного возраста в сферу нашей деятельности и расширять перечень услуг.

Что ж, пожелаем молодому коллективу успехов, чья миссия - опровергнуть старую поговорку, доказывая, что «старость - в радость!». И никак иначе.

**Рамазан ЕЛЕСЕВ**  
Карасайский район

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Алматы облысында «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтті. Іс-шара Іле өзенінің бойындағы «Көшпенділер қаласы» мен «Таңбалы тас» шатқалы маңында ұйымдастырылып, аумақ қоқыстан тазартылып, жартастарға жазылған бейберекет жазулар өшірілді.

# ЖАРТАСТАРДАҒЫ БЕЙБЕРЕКТ ЖАЗУЛАР ӨШІРІЛДІ



Акцияға 150-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында партия мүшелері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, волонтерлер мен жергілікті тұрғындар болды. Бір күннің ішінде 9 тоннадан астам қоқыс жиналып, арнайы полигонға шығарылды. «Іле бойы – өңірдің табиғи ажарын айқындап тұрған, көпшілік жиі баратын ерекше мекен. Алайда демалушылар саны артқан сайын бұл аумақта қоқыс көлемі де көбейіп, жартастарға ретсіз жазу қалдыру секілді келеңсіз әрекеттер белең алып отыр. Өткен жылы осы аумақта жүргізілген тазалық жұмыстары кезінде 30 тоннадан астам қоқыс шығарылған болатын. Биыл да мәселенің әлі күнге дейін өзекті күйінде қалып отырғанын көріп отырмыз. Сондықтан бұл акцияның басты мәні

аумақты тазартумен ғана шектелмейді. Ең маңыздысы – елдің санасына тазалық мәдениетін сіңіріп, туған жерге деген жауапкершілікті күшейту», – деді «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Серік Нұрқадыров. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Іле бойындағы тазалық мәселесін тек қоғамдық белсенділердің күшімен шешу мүмкін емес. Бұл үшін туристік аймақтарда санитарлық инфрақұрылымды күшейтіп, қоқыс контейнерлерінің санын арттыру, бейнебақылау жүйесін енгізу және табиғатты ластағандарға бақылауды қатаңдату қажет.

Өз тілшіміз.  
Қонаев қаласы.

«БАЛА ТОЛАҒАЙ»

# САЙЫС БОЛЫП ӨТТІ

Сәуір айының орта кезінде Кеген ауылында аудандық деңгейде «Бала Толағай» сайысы болып өтті. Оған 7-8 сыныптың ер балалары қатысты.



Жарыстың салтанатты ашылуында сөз кезегін алған аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, аудан прокуроры Алмат Әлімжанұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қуанышбек Төлепбердиевтер жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың жүргізілу тәртібімен аудандық дене шынықтыруды және спортты дамыту орталығының директоры Гайдар Мұқанқожаев таныстырып өтті. Жарыста үздік ойын көрсеткендер болды. Олардың қатарында ең үздік мерген Мамыт Әли, күш атасын танымас Медеубек Дінмұханбет, ең жүйрек Төлепберген Ерсұлтан, ең епті, әрі икемді болып Мұса Игілік танылып, арнайы дипломдармен естелік сыйлықтарымен марапатталды. Одан кейін аймақтарда іріктеу жарыстары өткізіліп, жеңімпаздары аудан орталығында бас қосты. Жарысқа 8 команда қатысты. Жарыстың қорытындысында 1-орынды К.Нүрпейісұлы атындағы мектеп-лицейінің командасы алса, 2-3-ші орындарды А.Нүсіпбеков атындағы мектеп пен Қарқара орта мектебінің командалары өзара бөлісті.

дандық дене шынықтыруды және спортты дамыту орталығының дипломдарымен, медальдарымен, кубоктарымен және бағалы, ақшалай сыйлықтарымен марапатталды.

Өз тілшімізден.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

## Жазғы демалыс нысандарын қонақтарды қабылдауға дайындау.

Жаз мезгілі – демалыс пен саяхаттың ең қызған шағы. Осы кезеңде туристік нысандар мен демалыс орындарының жұмысы жаңартылып, қонақтар легі арта түседі. Сондықтан жазғы демалыс нысандарын маусымға сапалы әрі толыққанды дайындау – туризм саласындағы маңызды міндеттердің бірі. Алдымен, демалыс орындарының инфрақұрылымы толық тексерістен өтуі тиіс. Қонақ үйлер, демалыс базалары, жағажайлар мен балалар лагерлері санитарлық талаптарға сай болуы қажет. Бөлмелердің тазалығы, төсек-орын жабдықтарының жаңартылуы, ауыз судың сапасы – келушілердің жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар. Екіншіден, қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі керек. Өрт қауіпсіздігі жүйелері, бейнебақылау құрылғылары, медициналық пункттердің дайындығы тексеріледі. Сонымен қатар, су айдындары маңында құтқару қызметтері ұйымдастырылып, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс. Үшіншіден, қызмет көрсету сапасын арттыру маңызды. Қызметкерлерді арнайы оқыту, шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру, клиенттермен қарым-қатынас мәдениетін дамыту – туристердің оң пікір қалыптастыруына ықпал етеді. Заманауи талаптарға сай цифрлық қызметтерді енгізу, онлайн брондау жүйелерін жетілдіру де назардан тыс қалмауы тиіс. Сонымен қатар, демалыс нысандарының айналасын абаттандыру, қоғалдандыру жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұл тек эстетикалық көріністі жақсартып қана қоймай, экологиялық ахуалға да оң әсер етеді. Қоқыс жинау, қайта өңдеу жүйелерін ұйымдастыру – тұрақты туризм қағидаларын сақтаудың бір көрінісі. Жалпы алғанда, жазғы демалыс маусымына тыңғылықты дайындық – қонақтардың қауіпсіз әрі жайлы демалуына, ал туризм саласының дамуына негіз болады. Әрбір демалыс орны өз деңгейінде жоғары сапалы қызмет көрсетуді мақсат еткенде ғана еліміздің туристік әлеуеті арта түспек.

## Менингококк жұқпасының алдын алу

Әрбір адам білуі тиіс маңызды ережелер. Менингококк жұқпасы — бұл бактериялар тудыратын, өте жылдам дамиды және өмірге қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Ол қарапайым мұрынның бітелуінен бастап, ми қабығының қабынуына (менингит) және қанның зарарлануына (сепсис) дейін апаруы мүмкін. Аурудың алдын алу — онымен күресудің ең тиімді жолы. Ауру қалай беріледі? Жұқпа ауа-тамыш жолымен беріледі. Сөйлескенде, жөтелгенде немесе түшкіргенде бактериялар қоршаған ортаға таралады. Көбіне адамдар көп жиналатын жерлерде (мектептер, балабақшалар, жатақханалар) таралу қаупі жоғары. Алдын алудың негізгі шаралары 1. Вакцинация — ең сенімді қорғаныс:

## Объектіге сәйкестік туралы СӘҚ алуға қойылатын талаптар.

Кәсіпкерлік нысандардың қауіпсіз әрі заң талаптарына сай жұмыс істеуі үшін санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (СӘҚ) алу маңызды рәсімдердің бірі болып табылады. Бұл құжат объектінің халық денсаулығына зиян келтірмейтінін және белгіленген санитариялық нормаларға толық сәйкес келетінін растайды. СӘҚ алу үшін ең алдымен нысанның орналасқан жері мен инфрақұрылымы санитариялық талаптарға сай болуы тиіс. Ғимараттың жобасы, ішкі әрлеуі, жарықтандыру мен желдету жүйелері қолданыстағы нормаларға сәйкес болуы қажет. Әсіресе қоғамдық

- Менингококкқа қарсы егу аурудан қорғандың ең басты әдісі болып табылады. Ол ағзада бактерияға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастырады. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге вакцина алу ұсынылады.
- 2. Жеке гигиенаны сақтау:
  - \* Қолыңызды жиі сабынмен жуыңыз.
  - \* Бөтен адамның стақаның, қасығын немесе тіс щеткасын пайдаланбаңыз.
  - \* Түрлі суындарды бір бөтелкеден ішеуге тырысыңыз.
- 3. Тұрғын жайдың тазалығы:
  - \* Бөлмені күніне кемінде 2-3 рет желдетіп отырыңыз.
  - \* Ылғалды жинау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіңіз.
- 4. Көпшілік іс-шаралардан шектелу:
  - Ауру өршіп тұрған кезеңде адамдар көп жиналатын жабық ғимараттарға (сауда орталықтары, кинотеатрлар, ойынсауық орталықтары) баруды азайтқан жөн.
- 5. Иммунитетті нығайту:

- Дұрыс тамақтану, толыққанды ұйқы және физикалық белсенділік ағзаның кез келген жұқпаға қарсы тұру қабілетін арттырады.
- Қандай белгілер кезінде дабыл қағу керек? Егер сізде немесе жақыныңызда мынадай белгілер байқалса, дереу жедел жәрдем шақыру қажет:
  - \* Дене қызуының кенеттен 39-40°C дейін көтерілуі;
  - \* Бастың қатты ауруы және құсу (құсқаннан кейін жеңілдік сезілмейді);
  - \* Жарыққа қарай алмау (фотофобия);
  - \* Денедің пайда болатын жұлдызша тәрізді бөртпелер (бұл өте қауіпті белгі!).> Маңызды: Менингококк жұқпасы кезінде әрбір минут есепте. Өз бетінше емделуге мүлдем болмайды! > Есіңізде болсын: Сақтық шараларын сақтау — сіздің және жақындарыңыздың денсаулығының кепілі. Аурудың алдын алу оны емдеуден әлдеқайда оңай әрі қауіпсіз.

тамақтану орындары, білім беру мекемелері мен медициналық ұйымдар үшін бұл талаптар қатаң сақталады. Келесі маңызды талап – сумен жабдықтау және кәріз жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуы. Таза ауыз судың болуы, ағынды сулардың қауіпсіз түрде шығарылуы және санитариялық тораптардың жеткілікті болуы міндетті. Бұл инфекциялық аурулардың алдын алуға шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, нысанда өндірістік немесе қызмет көрсету процесіне байланысты жабдықтар қауіпсіз әрі стандарттарға сай болуы тиіс. Ас дайындау, сақтау, тасымалдау процестері гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі қажет. Қызметкерлердің медициналық тексерістен уақытылы өтуі де СӘҚ алудың негізгі шарттарының бірі. Жеке медициналық кітапшалардың болуы, санитариялық минимумнан өтуі – қыз-

меткерлердің денсаулығын бақылауға мүмкіндік береді. Құжаттарды рәсімдеу барысында өтініш беруші тиісті мемлекеттік органға қажетті құжаттар пакетін ұсынуы тиіс. Оның құрамына нысанның техникалық сипаттамасы, санитариялық жағдайы туралы мәліметтер және басқа да талап етілетін құжаттар кіреді. Тексеру нәтижесінде талаптарға сәйкестік анықталған жағдайда ғана СӘҚ беріледі. Қорытындылай келе, санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу – кәсіпкерлік нысандардың заңды әрі қауіпсіз жұмыс істеуінің кепілі. Барлық талаптарды сақтау тек құжат алу үшін ғана емес, халық денсаулығын қорғау үшін де аса маңызды.

Н. МЕДЕТОВ,  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

**АЛАТАУ Ардагері**  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
**Директор:**  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
**ТІЛШІЛЕР:**  
Алтынбай Сиқымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.  
**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500  
Тапсырыс №861  
Индексі – 65472.